

Жеке тұлғаның дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі

Мен, дербес деректер субъектісі ретінде, <https://chain-bridge.org/kk> веб-сайтына тіркеле отырып және оған дербес сипаттағы мәліметтерді және/немесе құжаттарды жүктей отырып, еркін, саналы түрде, өз еркіммен «Чейн Бридж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – Ұстаушы) келесілерге келісім беремін:

- **Өңдеуге** (тәсілдеріне қарамастан, дербес деректерді ұстаушы (иесі) тарапынан немесе оның тапсырмасы бойынша, автоматты құралдармен немесе оларсыз дербес деректерді жинау, жазу, сақтау, өзектендіру, топтастыру, блоктау, өшіру және жою мақсатында орындалатын кез келген операция немесе операциялар жиынтығы);
- **Дербес деректерді беруге** (дербес деректерді ұстаушының (иесінің) дербес деректерді Қырғыз Республикасының 2025 жылғы 31 шілдедегі № 178 Сандық кодексіне (бұдан әрі – «Сандық кодекс») және халықаралық шарттарға сәйкес үшінші тұлғаларға ұсынуы);
- **Дербес деректерді трансшекаралық беруге** (дербес деректерді ұстаушының (иесінің) дербес деректерді басқа мемлекеттердің юрисдикциясындағы өңдеушілерге беруі),

келесі дербес деректерді: тегі; аты; әкесінің аты (болған жағдайда); азаматтығы; жынысы; жасы; туған күні мен жері; жеке басын куәландыратын негізгі құжаттың нөмірі; аталған құжаттың берілген күні, сондай-ақ құжатты берген орган туралы мәліметтер; тұрғылықты жері бойынша тіркелген мекенжайы; нақты тұратын мекенжайы; жүргізуші куәлігінің деректері; жеке сәйкестендіру нөмірі (салық төлеушінің нөмірі), бюджеттен тыс (зейнетақы, әлеуметтік) қорлардағы тіркеу туралы деректер; телефон нөмірі; электрондық пошта мекенжайы; соттылығының бар немесе жоқ екендігі туралы ақпарат; кірістері, шығыстары, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтер, сондай-ақ әл-ауқат көздері туралы кез келген басқа да мәліметтер; ашылған банктік шоттар, банктік карталар, электрондық ақша әмияндары және (немесе) виртуалды активтердің әмияндары (идентификаторлары) туралы мәліметтер, кәсіпкерлік және (немесе) өзге де экономикалық қызметті жүзеге асыру туралы мәліметтер, соның ішінде заңды мекеменің жарғылық және (немесе) акционерлік капиталына катысу арқылы (бірақ онымен шектелмей); еңбек қызметін жүзеге асыру, жұмыс беруші және жалақы мөлшері туралы мәліметтер; атқаратын лауазымы мен жария лауазымды тұлғаның отбасы құрамы және жақын адамдары туралы мәліметтер; жеке фотосуреті және (немесе) менің қатысуымдағы басқа да аудиовизуалды бейне; жеке қолы; Платформадағы менің операцияларым (мәмілелерім) туралы ақпарат; Ұстаушымен келіссөздерімнің деректері, соның ішінде техникалық қызметке (қолдау қызметіне) жүгіну арқылы алынған деректер,

сондай-ақ Ұстаушы тарапынан автоматты режимде жиналатын дербес деректерді: IP-мекенжай; геолокация; идентификатор, құрылғы түрі және операциялық жүйенің атауы; жарнамалық идентификатор; браузер туралы ақпарат (атауы және нұсқасы); аутентификациялық деректер (қауіпсіздік кодтары, сілтемелер, «geCAPTCHA» типті тестілеу және т.б.); cookie файлдарының деректері, браузер деректері (кіру тарихы), демографиялық деректер, қызығушылықтар мен тұтынушылық талғамдар.

Жоғарыда көрсетілген дербес деректерді Ұстаушыға келесі мақсаттарда өңдеу үшін беремін: **i)** Ұстаушының және (немесе) Ұстаушының тапсырмасы бойынша үшінші тұлғалардың менің ким екенімді тексеру (яғни сәйкестендіру және (немесе) верификациялау) бойынша әрекеттерді жүзеге асыруы; **ii)** менің жеке басымды тиісті немесе күшейтілген тексеру нәтижесінде Ұстаушының менімен немесе мен өкілдік ететін тұлғамен іскерлік қарым-қатынас орнату немесе орнатудан бас тарту туралы шешім қабылдауы; **iii)** жасалған (акцепттелген) шарт және (немесе) мен тараптан қабылданған пайдаланушы келісімі бойынша құқықтарды іске асыру және Ұстаушының міндеттемелерін атқару; **iv)** банктік операцияларды жүзеге асыру; **v)** Ұстаушы тарапынан іскерлік қарым-қатынастарға мониторинг ұйымдастыру; **vi)** ақпараттық қауіпсіздікті (киберқауіпсіздікті) қамтамасыз ету; **vii)** Платформаның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету; **viii)** Ұстаушы көрсететін қызметтердің сапасын жақсарту, жеңілдету және (немесе) өзгеше модификациялау; **ix)** промоакцияларды ұйымдастыру және өткізу.

Мен келесілер туралы хабардармын:

- менің дербес деректерім Қырғыз Республикасы заңнамасының талаптарына қатаң сәйкестікте, заңдылық, адалдық, құпиялылық және өңдеу мақсаттарының барабарлығы принциптері негізінде өңделеді;
- келісім өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті мерзімге беріледі және оны мен кез келген уақытта Платформаға жазбаша хабарлама жіберу арқылы қайтарып ала аламын;
- келісім қайтарып алынған жағдайда Платформа қызметтерін әрі қарай пайдалану мүмкін болмауы мүмкін;
- дербес деректерді өңдеуге келісім қайтарып алынған жағдайда, Ұстаушы оларды Сандық кодекстің 83-бабының 2-бөлігіне сәйкес өңдеуді жалғастыруға құқылы.

Осы келісім сайтқа тіркелу кезінде белгі қою арқылы электрондық нысанда беріледі және өз қолымен қойылған қолға баламалы қарапайым электрондық қолтаңба деп танылады және жазбаша нысанда ресімделген келісіммен тең заңды күшке ие болады.

Келісім берілген күн Платформада тіркелген күнмен анықталады.